

АХҚО қатысушысы болудың жолдары



АХҚО-ДА ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ ТІРКЕУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

Астана" халықаралық қаржы орталығына қош келдіңіздер!

Бизнесіңізді тіркеу үшін юрисдикция ретінде АХҚО-ны таңдағаныңыз үшін алғыс айтамыз.

Бұл брошюрадан сіз АХҚО-да заңды тұлғаны тіркеу процесі туралы маңызды ақпаратты таба аласыз.

Бұл брошюра заңгерлік емес екендігін атап өткен жөн, сондықтан көмек алу үшін білікті консультанттарға жүгінуді ұсынамыз.

АХҚО-да тіркеуге қатысты процестер және басқа да көптеген мәселелер бойынша көмек алу үшін АХҚО-да көмекші қызмет көрсетушілер (Ancillary Service Providers/ASP) ретінде тіркелген лицензиясы бар консультанттарға жүгінуді ұсынамыз.

Олар консультациялық, тіркеу, авторизациялау және тіркеуден кейінгі қолдау қызметтерін көрсетеді.

Көмекші қызмет көрсетушілердің толық тізімі [Жария тізілімде](#) бар.



Лицензияланған консультанттар, олардың кәсіби тәжірибесі және байланыс деректері туралы қосымша ақпаратты осы [сілтемеден](#) алуға болады.

АХҚО-ДА БИЗНЕСТІ ЖҮРГІЗУДІҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ



Икемді құқықтық жүйе

АХҚО компаниялар үшін икемді және қолайлы іскерлік ортаны қамтамасыз ететін ағылшынның жалпы құқығы қағидаттарына негізделген қазақстаннан өзгеше режимде жұмыс істейді



Капитал нарықтарына жаһандық қолжетімділік

Өзінің қорбиржасы және нормативтік-құқықтық базада халықаралық стандартты сақтау арқылы АХҚО қаржы мекемелері мен инвесторларға жаһандық қолжетімділікті қамтамасыз етіп, әлемдік нарықтарға жол ашады



Шетелдік азаматтарға қолайлы шарттар

АХҚО АХҚО-ға мүше компанияларда жұмыс істейтін шетелдік азаматтарға, сондай-ақ олардың отбасыларына қолайлы жағдай жасай отырып, арнайы визалық жіне еңбек режимін ұсынады



Барлық көші-қон мәселелері бойынша бірыңғай терезе

АХҚО Экспат орталығы шетел азаматтарына Қазақстанға қолайлы миграцияға қолдау көрсетеді



Қолайлы салық режимі

АХҚО салық режимі туралы толығырақ [мына жерде](#)



Тәуелсіз сот жүйесі

Қазақстандық сот жүйесіне тәуелсіз АХҚО соты мен Халықаралық Төрелік Орталығы АХҚО-да азаматтық және коммерциялық дауларды шешу үшін ең жоғары халықаралық стандарттарға сәйкес жұмыс істейді

АХҚО ҚАТЫСУШЫСЫ БОЛУ ҮШІН

1-ҚАДАМ.

Компанияңызды қалай құрғыңыз келетінін анықтап алыңыз

Сіз компанияны құру және АХҚО қатысушысы болу үшін келесі нұсқаларды таңдауыңызға болады:

- 01.** АХҚО-да жаңа компанияны тіркеу
- 02.** Басқа юрисдикцияда тіркелген шетелдік компанияны/
серіктестікті аккредиттелген компания немесе
аккредиттелген серіктестік ретінде тіркеу
- 03.** Басқа юрисдикцияда тіркелген компанияның АХҚО-ға
редомициляциясын («көшіру») өткізу

2-ҚАДАМ.

Компанияңыздың қызмет түрін анықтаңыз

РЕТТЕЛЕТІН ҚЫЗМЕТ ТҮРІ

Заңды тұлға лицензияны (авторизацияны) талап ететін қызмет түрімен айналысуды жоспарлаған жағдайда, АХҚО Реттеушісіне (AFSA) өтінім беру қажет.

Лицензияны талап ететін қызметтерге жататындар (толығырақ білу үшін төмендегі сілтемелер бойынша өтіңіз):



реттелетін
(қаржылық) қызмет



көмекші
(консультациялық)
қызметтер



нарықтық
қызмет



Авторизация бойынша қосымша нұсқаулар алу үшін АХҚО Қолдау департаментіне bcs@aifc.kz эл. адресі арқылы хабарласыңыз

РЕТТЕЛМЕЙТІН ҚЫЗМЕТ ТҮРІ

Егер заңды тұлға реттелетін қызмет түрімен айналысуды жоспарламаса, лицензия талап етілмейді және өтініш берушілер компанияны тіркеу процесіне тікелей кірісе алады

3-ҚАДАМ.

Заңды тұлғаның түрін таңдаңыз

Үздік әлемдік тәжірибеге сәйкес АХҚО заңнамасы әртүрлі ұйымдық-құқықтық нысандарда компания құру мүмкіндігін қарастырады. Бұл тізімге мыналар кіреді:

- **Private Company** /Жеке компания
- **Public Company** /Жария компания
- **Special Purpose Company** /Арнайы мақсаттағы компания
- **General Partnership** /Бас серіктестік
- **Limited Partnership** /Шектеулі серіктестік
- **Limited Liability Partnership** /Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
- **Non-profit Incorporated Organization** /Коммерциялық емес тіркелген ұйым
- **Foundation** /Жеке қор
- **Investment Company** /Инвестициялық компания
- **Recognised Partnership** /Аккредиттелген серіктестік
- **Recognised General Partnership** /Аккредиттелген бас серіктестік
- **Recognised Limited Partnership** /Аккредиттелген шектеулі серіктестік
- **Recognised Limited Liability Partnership** /Аккредиттелген жауапкершілігі шектеулі серіктестік



Әрбір ұйымдық-құқықтық нысан туралы қосымша ақпарат алу үшін [сілтеме](#) бойынша өтіңіз.

4-ҚАДАМ.

Барлық заңды тұлғаларға қойылатын жалпы талаптармен танысыңыз.

Бас директордың жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) болуы керек.

Егер болашақ бас директор шетел азаматы болса, ЖСН-ді АХҚО Экспат орталығы арқылы алуға болады.

Жоспарланған келуіңізден бір күн бұрын уақытты брондаңыз.



Жұмыс уақыты:
09.00 - 18.00,
Түскі асқа үзіліс: 13.00-
ден 14.00-ге дейін



Қазақстан, Астана,
Мәңгілік ел даңғылы
55/18, С3.3 павильоны,
010017



expat@aifc.kz



+7 7172 64 73 40;
+7 7172 64 72 41

Компанияның (ерекшеліктер арнайы мақсаттағы компанияға қатысты қолданылмайды) әрқашан пошта мен хабарламалар жіберілетін тіркелген тіркелген заңды мекенжайы болуы керек. Ол Астана қаласындағы АХҚО аумағында орналасуы керек.

АХҚО аумағы Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы «Астана» халықаралық қаржы орталығы аумағының шекарасын айқындау туралы» № 161 Жарлығына сәйкес айқындалған.

АХҚО аумағының картасын [мына жерден](#) көреуге болады.

5-ҚАДАМ.

Тіркеуге өтіңіз.

Заңды тұлғаны digitalresident.kz порталы арқылы онлайн немесе электронды пошта бойынша өтінім беру арқылы оффлайн тіркеуге болады.

ОНЛАЙН ТІРКЕУ ҮШІН

01. digitalresident.kz порталын ашыңыз
02. Есептік жазбаға кіріңіз немесе ашыңыз
03. Тіркеуге жаңа өтінім жасаңыз
04. Ұйымдық-құқықтық нысанды таңдаңыз
05. Өтінімді толтырыңыз
06. Төлем жасаңыз
07. Өтінімді беріңіз




ОФЛАЙН ТІРКЕУ ҮШІН

Заңды тұлғаңыздың түріне сәйкес келетін өтінім нысандарын толтырыңыз, тіркеу алымын төлеңіз (төлемге шотты алу үшін registration@afsa.kz электрондық поштасына жазыңыз), өтінімді электрондық поштаға (registration@afsa.kz) жіберіңіз.



Тиісті нысандармен
мына [сілтеме](#)
[бойынша](#) танысыңыз.

Өтінім берілгеннен кейін Компанияларды Тіркеуші кеңсесі өтінімді қарайды. Бағалау барысында кез келген қосымша ақпарат қажет болуы мүмкін екенін ескеріңіз. Өтінім барлық талаптарға сай болғаннан кейін Тіркеу туралы сертификат беріледі.



КЕЙІНГІ ӘРЕКЕТТЕР

Заңды тұлғаны сәтті тіркегеннен кейін компания өз қызметін бастай алады. Ол АХҚО заңнамасында белгіленген барлық талаптарды мүлтіксіз орындауға міндетті екенін атап өткен жөн.

АХҚО қатысушысы болып табылатын компания Компанияларды Тіркеуші кеңсесіне жүйелі түрде ақпарат беріп тұруы керек. Бұған жыл сайынғы есептерді тапсыру, сондай-ақ компанияның тіркелу деректеріндегі кез келген өзгерістер туралы уақтылы хабарлау кіреді. Бұл тізілімде компания туралы өзекті және сенімді ақпараттың болуы үшін маңызды.

АХҚО қатысушысы-компаниялардың міндеттемелері және тіркеуден кейінгі рәсімдер туралы толығырақ [сілтемеден](#) оқыңыз.



БАЙЛАНЫС



+7 7172 959 000




bcs@aifc.kz



aifc.kz

ЖАҢАЛЫҚТАРЫМЫЗДАН
ХАБАРДАР БОЛЫҢЫЗ



www.aifc.kz

LinkedIn:
aifc-business